

АШЫҚ сабақ

Қазақ әдебиеті

9-сынып



Сабақтың мақсаты: Қазыбек би Келдібекұлының қоғам өміріндегі орны туралы. Шешендік сөздерінің мән-мағынасы. Көркем әдебиетті сүйе білуге жетелеу.

Міндеттері:

I. Барлық оқушы: 1. Түсінігін айта алады.

2. Өтілген материал бойынша сұрақтарға жауап бере алады.

II. Оқушылардың көпшілігі:

1. Өз ой-пікірін жеткізе алады.

2. Талдау жұмыстарын жасай алады.

III. Кейбір оқушы:

1. Шығармашылық тапсырмаларды орындай алады.

Қазыбек би Келдібекұлының өмірі мен шығармашылығы туралы біледі.


Шешендік сөздерінің мазмұнын сипаттайды.

Шығарманың түп төркінін айқын тұжырымдайды.

Шешендік сөздердің басым жағын бөлшектейді Өз ойын қорғайды.

Көркем әдебиеттен жаңа сөз үлгілерін оқып, тұжырым жасайды.

Күтілетін нәтиже:



Сабақ түрі: Жаңа білімді меңгерту.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы.

Әдістер: сұрақ-жауап, іздену, жобалау, зерттеу.

Көрнекіліктер: АКТ, постер, стикер, т.б.



Сабақ кезеңдері:

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды топқа бөлу.

II: “Ой ашар” Үй тапсырмасын пысықтау.

III “Қызығушылықты ояту” жаңа тақырыпты ашу.

IV. “Мағынаны тану” жаңа сабақ.

V. “Ой дамыту” “Алтын қақпа” ойыны.

VI. “Ой түйіндеу”.

VII. Рефлексия “Аралдар” әдісі.

VIII. Бағалау.

IX. Үйге тапсырма.



I. Ұйымдастыру кезеңі. Көңіл-күйді анықтау.

Психологиялық дайындық



*Көңіл күйің неге
ұқсас?*

«Көңіл-күй неге ұқсас».




*Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл-күйлері неге
(қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың
құбылысына) ұқсас екенін айтып береді.*

*«Менің қазіргі көңіл-күйім көгілдір аспандағы
жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің
ше?».*



II. “Ой ашар” үй тапсырмасы

“Алты жұмбақ” ойыны



*1. Төле бидің жұмбағы:
-Менің өмірім жайлы баянда.*

*2. Әке батасы.
Төле бидің әкесі Әлібектен бата алуы.*

3. Қарлығаш әулие атануы.

4. «Жеті жарғы» заңы.

5. Төле бидің даналығы.

6. Бала Төленің төрелігі.




III. Қызығушылықты ояту.

Шаншардың екінші әйелі Айбикеден Келдібек, Тыныбек, Жәнібек, Есіркеп (оларды ел "төрт бегі" деп те атаған) тарайды. Келдібек кезінде аузына ел қаратқан белгілі шешен, би бопты. Ол отыз жасқа келгенше үйленбей жүріп алыпты. Оның себебін ел былай аңыз етеді: Бұлбұл бабасы түсінде - сен қатын алмайсың, ешбір әйелге көзіңді салмайсың. Алатын әйелің мынадай болады: ұзын бойлы сары қыз, оң аяғы ақсақ, оң жақ құлағының түбінде танадай меңі, болады. Сен соған үйлен - депті. Айтқанындай Келдібек сол қызға кеш жөнекей кездесіп, танысады. Ол қыздың аты Тоқмейіл екен. Айттырып алмақ боп жүргенде әке-шешесі:

- Балам-ау, басқа сұлу қыздар тұрғанда, өзі түсі келмеген қыз екен, уәделескен құда, жегжаттарды қайтеміз? - дегенде, Келдібек:

Қаймағын піскен сүттің алдым қалқып, Аяғы ақсақ болғанмен, ақылы артық. Көзі қыли, сөзі мен ісі түзу. Сөйлескеннен өн бойым кетті балқып, - депті. Тағы бірде құрбы-құрдастары Келдібектің үйінде отырып, оны кекетіп, келемежге айналдыра беріпті. Сонда жаңа түскен жас келіншек әдеппен сыпайы ғана:

Көзім қыли, жасырмаймын, ақсақпын. Келдікеңмен сондай тату жақсы-ақпын. Татулықтың белгісіндей тамаша, Төрт Бошанды билейтін ұл таппақпын, - дегенде, әлгілер "бұл тегін адам емес екен, қылжыңды қояйық" десіпті. Айтқанындай-ақ Тоқмейіл анадан атақты Қазыбек би дүниеге келеді.





IV. Мағынаны тану.

Топтық жұмыс. Жоба қорғау.

I топ

Бала биден дана биге дейін (Қазыбек бидің өмірі).

II топ

Қаз дауысты Қазыбек бидің толғаулары.

III топ

Қаз дауысты Қазыбек бидің нақыл сөздері.



I топ

Ой дамыту

«Пікірлер кестесі» әдісі.

Пікірлер

Неліктен “ИЯ”

Неліктен “ЖОҚ”

*Қазыбек би дарынды ақын, дуалы ауыз шешен,
ақылғой дана, ойшыл адам.*

*Оның дауысы жағымсыз болғандықтан қаз дауысты
деген.*



II топ

Эссе.

«Сөз зергері»

III топ

Ойтолғау.

«Қазыбек би шешендік сөздерінің тақырыбы мен идеясы»



Қорытынды

*Ей, перзентім, білгенің жән адам үш түрлі болады.
Адамның бірінші түрі - біледі және білген сайын
білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады.
Бұлардың айтқанына риза болу керек.*

*Екінші түрі – біледі, біле тұра “білмеймін” дейді.
Бұлар ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болған жән.*

*Үшіншісі – білмейді және білгеннің тілін алмайды.
Олар ессіз надандар. Бұлар аулақ жүру керек.*

(Қайқауыс)



VIII. Рефлексия

«Аяқталмаған сөйлем»

Оқушылар сөйлемді жалғастырулары керек:

- Мен қатысты көз қарасымды өзгерттім
- Мен туралы көп білдім.
- Мен ... таң қалдым.
- Мен сезімде болдым.
- Мен салыстырдым.
- Мен үшін уайымдадым.



Х. Бағалау


<i>Тапсырмалар.</i>	<i>Толықтай орындадым</i>	<i>Жартылай орындадым</i>	<i>Орындай алмадым</i>
<i>Үй тапсырмасы</i>	<i>4</i>	<i>3</i>	<i>0</i>
<i>Мағынаны тану</i>	<i>4</i>	<i>3</i>	<i>0</i>
<i>Шығармашылық, талдау жұмыстары</i>	<i>4</i>	<i>3</i>	<i>0</i>



Үйге тапсырма:

*Хрестоматияда берілген шығармаларын оқып,
мазмұнын айту.*

Реферат жазу



Сабағыма
қатысқандарыңызға рахмет!
Сау болыңыздар!!!

